

ай отыруға шыдамайтындығы білініп, 22 октябрьде мың жарым сомды төлеп, абақтыдан шықты» [5]. – деп жазылады.

Бұл біз оқыған, біз білген ұлы Ахмет Байтұрсынұлының өмірінің бір парасы. Бұдан басқа да қаншама қиын сәттер, азапты күндер тарихтың қойнына сіңіп кеткені бізге белгісіз. Осы азап, осы қинауға қарамай Ахаң қазақ баспасөзінің ХХ ғасырдағы іргетасын берік қалады. Оның дамуы мен болашағы үшін саналы ғұмырын арнады.

Бір ауыз сөзі үшін от басып, өз халқына деген адал махаббаты үшін өртке түскен күрделі кезеңде табандылық танытып, газет жұмысын қолға алған Ахаңның ерлігіне өз қатарластары да оң бағасын берді. «... Орынборда «Қазақ» деген газет шығарды. Бұл қызметінің әсіресе көзге көрінетіндігі сол, өзге оқыған замандастары өз бастарының ғана пайдасын іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын байгеге тіккен» [6], -деп жазды ұлт зиялыларының бірі Сәкен Сейфуллин. Мұхтар Әуезов: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түтелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі танның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» [7], -деп, басылым рухын биікке көтереді. Бұл абыройлы жұмыстардың артында қара басының қамын ұмытып, шыбын жанын шүберекке түйіп Ахмет Байтұрсынұлы жүрген еді.

Қорыта айтқанда, «Қазақ» газеті ұлттық баспасөзіміздің көшбасында тұрып, халқымыздың күрделі саяси кезеңде еңсесін тіктеп, рухын оятқан ұлы қазына. Осы қазынамыздың қамын жасап бас-қасында жүрген Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық баспасөзіміздің қалыптасып, қарыштап дамуына қосқан үлесі аз емес. Ахаңды біз ақын, аудармашы, ғалым ретінде ғана емес, білікті баспагер, ұлттық баспасөзіміздің қалыптасуына қажырлы қайрат көрсеткен маман ретінде де тарихи рөлі жастар арасында кеңінен насихатталуы ләзім.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. (Қоңыр) Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі / Шолпан. – 1923. - №4-5. –20-42 бб.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368б.
3. «Қазақ» газеті №1,. 1913 жыл 2-февраль.
4. «Қазақ» газеті №80,. 1914 жыл 30-сентябрь.
5. «Қазақ» газеті №83,. 1914 жыл 26-октябрь.
6. Шәміл (С.Сейфуллин). Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды / Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. –219б.
7. Екеу (Аймаутов Ж., Әуезов М.) Абайдан соңғы ақындар / Абай. – 1918. -№5. – 18-23бб.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

*Тарыбаева А.К., п.ғ.
тарих пәнінің мұғалімі
Нығмет Нұрмақов атындағы мамандандырылған
мектеп-лицей-интернат
Қарағанды қ., Қазақстан*

ХХ ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздік күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқақ білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы, бостандық пен бақытты өмір үшін күрескендердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл қазақ елінің жұртына өзінің қайталанбас дара тұлғасымен танылған, туған халқымыз үшін еңбек жасады. Ахмет Байтұрсынұлы бар ғұмырын туған халқы үшін қалтқысыз қызмет етуге арнады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары армандаған ілім-білімге үндеу XX ғасырдың бас кезінде нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаматтыққа ұмтылу мақсатына жетеледі. Зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған жаңа тұлғалар көріне бастады. Көш бастаушылардың ең танымалдысы – Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Кеңестік дәуір кезеңінде, яғни XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік үгіт-насихат арнасында жарық көрген тарихи-саяси әдебиеттерде, баспасөзде А.Байтұрсынұлының қызметіне «буржуазияшыл», «байшыл», «ұлтшыл» деп біржақты теріс баға берілді. Аталған ғасырдың 30-шы жылдардың басынан бастап 80-шы жылдың аяғына дейін бұл тақырыпты нақты тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми үгіт-насихат қарсы болып, тыйым салды. Оның аты мен қызметі тек тап жауы ретінде қарастырып, оны «халық жауына айналдырды».

Қазіргі кезеңде, тек 1990 жылдың басында ғана тарихи шындықты қалпына келтіруге бағытталған зерттеулердің жарық көре бастауымен ерекшеленеді.

А.Байтұрсынұлының зерттеудің тарихнамасы негізінен XX ғасырдың басында басталған болатын. Алғашқылардың бірі болып Байтұрсынұлы туралы мәлімет берген еңбектердің қатарына М. Дулатов, М. Әуезов, Т. Шонанов, С.Сейфуллин болды.

1920 жылдың соңы мен 1930 жылдың басында жарық көрген зерттеу еңбектері қоғамдық-саяси оқиғаларды таптық көзқараспен бағалап, тарихи оқиғаларды бұрмалауға кеңінен жол ашты. Тарихи танымдағы бағыттар кеңестік жаппай ұжымдық тәртіпті орнатуымен мемлекеттік сипат алды. Солардың қатарына А. Байтұрсынұлының саяси қызметін, ұлт мүддесін қорғаудағы ой-пікірлері, ұсыныстары мен оны жүзеге асыру үшін жүргізген қоғамдағы саяси күресі - «байтұрсыновшылдық» деп таңбаланды. Негізінен сол кезде «байтұрсыновшыл», «рыскүловшыл», «садуақасовшыл», «ходжановшыл» дегенді ең алғаш ресми түрде қолданғандар – В.В. Куйбышев, И.Е. Любимов болды. Жалпы, А. Байтұрсынұлымен қызметтес болған замандастарының осы бір «байтұрсыновшылдық» туралы жазбағаны кемде-кем.

1990 жылдардың басында қазақ зиялы қауымдарының өмірі мен атқарған қызметтерінің тарихын қайта зерттеу мәселесі көтерілгенде Қазақстандық ғалымдар ұлт-азаттық қозғалыс, соның ішінде Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің ұлттық мемлекеттік құрылым ретіндегі қызметін және ғасыр басындағы ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолындағы қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметтерін талдап көрсететін іргелі зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазды. Олардың қатарына М.Қ. Қозыбаев, М.Қ. Қойгелдиев, С.Ф. Мажитов, Д. Аманжолова еңбектері жатады.

М.Әуезов: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен (Ахмет Байтұрсынұлы) басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер:

Бірінші - жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған.

Екінші - қазақ жұртына земство беруді сұраған.

Үшінші - отаршылдардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ақаңның (Ахмет Байтұрсынұлы) аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын

салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған», [1] - деп жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының көптеген мақала, хабарлары «А.Б.» «А.А.Б.» деген бүркеншік атымен жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынов жер мәселесіне байланысты «Айқап» журналдарында «Жер жалдау жайынан», «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен бұйрықтар», «Шаруа жайынан», «Қазақ хәм жер мәселесі», «Қазақ өкпесі», «Тағы да жер жайында», сияқты мақалаларын айтсақ та жеткілікті.

Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінің бірі: «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Көшпелі хәм отырықшы норма» [2], атты мақалаларында патшаның жер саясаты, сот, адам құқы, билік саясатының теріс пиғылын түсіндіруден бастап, қазақ жері қазақтың қолынан қалай кетіп бара жатқанын, жер алудағы орыс шенеуніктерінің жергілікті халыққа көрсетіп отырған қысымын көрсетіп жазады.

Ал, бұған керісінше «Шаруа жайынан» деген мақаласында болса: «Отырықшылық – ол да бір білім, өнер. Бұған бұрынғы мал бағу мен егін егуге жарап жүрген білімдеріңнен басқарак білім керек. Ол – көп малдың есесіне аз малдың асылын ұстап, толықтыратын ілім – аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер», - деп жазды. Ол бұл ойын екінші бір «Андаспаған мәселе туралы» деген мақаласында: «Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы жеріне жиналып, қаланды сал, мешіттіңді орнат, мектеп, медресенді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз, 15 десятинамен қала боламыз десендер, күн көре алмайсындар» [3], – деп одан әрі жалғастырады.

«Айқап» газеті жарыққа шыққан тұста халық басына патша үкіметі төндірген үлкен қауіп, қайғылы қасірет жерден айрылу еді. Сондықтан да «Айқап» журналының айналасындағылардың бұл тақырыпты көтермеуі, ол жөнінде түрлі айтыс-тартысқа бармауы мүмкін емес.

Жер туралы «Айқап» журналының редакторы М.Сералин: «Соңғы он жыл ішінде үкімет...қырғыз-қазақтарды отырықшы қылып, өнер үйретейін, өнерге алғызайын, салдырап көшіп, азап шеккенше, отырықшы болып, тыныштық қылсын деп емес, отырықшы болып 12-15 десятина жер алып, ала алмағандардың жерін кесіп алмақ» [4], – деп отарлау саясатының түпкі мақсатын дәл көрсетеді, «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынұлы: «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсінік жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турасында ақыл айтқанымыз, қазақты хәм басқаларды да қата ұқпастай етіп, анықтап ашық сөйлескеніміз абзал» [4], – деп жазды.

Осы арада бір ескерте кететін жай Ахмет Байтұрсынұлы жер мәселесін жазуды ең алдымен «Айқапта» бастап: «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік, әуелі қазыналық етемін дегенге көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны жер қазыналық болғандықтан. Бүгінгі тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып қойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Қазақ облыстарының... қалаларының көбіне мұжықты хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Шәй, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап, мұжықты ішке кіргізіп алған өзің емес пе?» [4], – деп халыққа дұрыс жөн сілтеуге тырысқан.

1911 жылы «Айқап» журналының №1 санында «Қазақ өкпесі» мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада: «Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейді. Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп үкіметке өкпелейді. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген өткендерге өкпелейді.» [1], - деп қазақ өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па соны жазады.

«Дүниеде теңге теңдік, кемге кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ

аз. Теңдікке қолы қалай жетсін?! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ», - деп ашына, күйіне жазады.

«Айқап» журналының кезекті санындағы «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен бұйрықтар» атты мақаласында: «Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді - оны қазақ білмейді. Жоғарғы хакімдердің қазақ жері турасында шығарған низам, бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қайсылары орнына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. «Қазақ жол ретін білмейді» дейді де, біреулері жолменен істемей, жосып, бетімен кетеді. «Мынауың жолсыз ғой» деп, қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды болып көрінеді. Сондай жолсыз істерден орынсыз жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Қыстау салған жерінен айрылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бермей, жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл пішен шаба алмай, егін сала алмай, отырарға орын таппай, сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр. Қазақ жерін алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді деймін. Жол бойынша: қазақты қыстауынан көшірмей тұрып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндет, қазақ көшкенде даярлап шығарып, белгілеп берген жерге көшпек. Жаңа жер бергенше орнынан қозғалмасқа.», [1] – деп Ахмет Байтұрсынұлы осы келеңсіз жайттардың барлығы да қазақтың жол білмеген нашарлығының кесапаты деп, жалпақ жұрттың бәрі болмаса да, жалғыз-жарым болса, пайдаланар деген ниетпен қазақтың жерін алу турасындағы шыққан низам, бұйрықтарды қазақшаға аударып, бірте-бірте баспасөз беті арқылы яғни, «Қазақ» журналы арқылы жұрттың құлағына жеткізеді.

Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам, бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі - 1909-шы жыл, 9-шы июнның бұйрығы 12 пунктке бөлінгендігін, қазақша аударып мақаласында көрсетеді.

Қорыта айтар болсақ, кезінде «Айқап» журналында, жер мәселесі туралы жазғанда ең алдымен халықтың жайын ойлады. Тоз-тоз болып, елдіктен айырылып қалмаудың камын қарастырды.

Түйіндеп айтқанда, туа бітті болмыс бітімінде қажырлы еңбекті, қайраткерлік күш-қуатты өзіне тұғыр етіп, осынау өмір жолында қазақ халқының жер мәселесіне бей-жай қарамай, өз жүрегінен бір сәтке де алыстатып көрмеген, ең бастысы, көргенді, терең ақыл-парасатымен қара қылды қақ жаратын тура мінезді Ахмет Байтұрсынұлының өнегелі өмірі, мұрасы ел игілігі үшін әлі де танымдық, тәрбиелік тарихи маңызы бүгінде сақталады.

Ахмет Байтұрсынұлының бай мазмұнды да мейлінше қилы ғұмырында елінің жеріне, ертеңгі болашағына деген, өміріне деген бар көмегі мен үлесін барынша ашып көрсетіп. Қазақ халқының болашақ ұрпағының ертеңіне аландаушылық танытқан есіл ердің елі үшін жасаған игі істерін зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақтың, яғни ең алдымен біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенбекова Н.А., Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М. Әлихан Бөкейхан-ұлт мақтаншы. – Караганда: Изд-во «Гласир» баспасы, 2016.
2. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Киелі тәуелсіздік / Құраст. І.М. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009.
3. Қазақ газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991.